



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2019 жылғы 2 тамыз

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 181

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Сот сараптамалары
орталығы Ғылыми кеңесінің ережесі
мен құрамын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Жарғысының 26 – тармағының б) тармақшасын, «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңын басшылыққа ала отырып және кадрлық өзгерістерге байланысты, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы Ғылыми кеңесінің ережесі мен құрамы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамалары орталығы директорының 2018 жылғы 6 қыркүйектегі № 277 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директордың м.у.а.


Д. Гауриев



« 1 » 08 2019 жыл

**«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Ғылыми кеңесі туралы**

ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Ғылыми кеңесі (бұдан әрі – ҒК) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамалары орталығының (бұдан әрі - Орталық) ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік қызметін үйлестіру жөніндегі алқалы органы болып табылады.

2. ҒК өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. ҒК құрамына: кеңес төрағасы – Орталық директоры, кеңес төрағасының орынбасары – Орталықтың директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, ғылыми хатшы (бұдан әрі-хатшы), ғылыми дәрежесі немесе сарапшылық мамандық бойынша он жылдан кем емес жұмыс өтілі бар Орталық қызметкерлері, мемлекеттік органдар мен ғылым және білім мекемелерінің өкілдері кіреді.

4. ҒК құрамы Орталық директорының бұйрығымен бекітіледі және мүшелердің тақ санынан тұрады.

5. ҒК төрағасы ҒК жалпы және ғылыми жұмысына басшылық етеді. Ол болмаған кезде төрағаның функцияларын ҒК төрағасының орынбасары орындайды. ҒК-тің ағымдағы қызметін ғылыми хатшы жүзеге асырады.

Негізгі міндеттері мен функциялары

6. ҒК Орталықтың ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік қызметінің басым бағыттарын айқындайды.

7. ҒК Орталық қызметінің маңызды мәселелерін қарастырады: сот сараптамасы саласындағы негізгі ғылыми проблемаларды, сот сараптамаларының жаңа түрлерімен мамандықтарын дамыту келешегін, негізгі, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыс жоспарларының жобаларын, сараптама тәжірибесін жетілдіру мәселелерін, теориялық және әдістемелік сипаттағы аса маңызды жұмыстарды талқылайды, оларға ғылыми баға береді.

Ғылыми кеңес жұмысының регламенті

8. ҒК-тің отырысы тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

9. ҒК мүшелерімен басқа да мүдделі адамдар (дайындалған материал бойынша түсініктеме беру үшін) алдағы кездесу туралы жеті күннен кешіктірілмей хабарланады. Сол кезеңде ҒК мүшелеріне талқыланатын материалдар жіберіледі.

10. ҒК-тің отырысы, егер оған бекітілген құрамның кемінде үштен екісі қатысса заңды болып табылады. ҒК отырысы басталғанға дейін төрағалық етуші қатысушылардың тізіміне сәйкес ҒК мүшелеріне жиналыстың кворумы мен заңдылығы туралы хабарлайды.

11. Хатшы ҒК мүшелерінің, Орталықтың аумақтық бөлімшелері басшыларының ұсыныстары, Орталықтың Ғылыми-әдістемелік кеңесінің (бұдан әрі – ҒӘК) шешімдері негізінде ҒК отырысының күн тәртібін жасайды және ҒК төрағасының бекітуіне енгізеді. Ұсыныстарда ұсынылып отырған мәселені талқылау қажеттігі негізделеді, сараптама қызметінің бағыттары, жауапты орындаушылар және талқылаудың ұсынылған мерзімдері көрсетіледі.

12. Қажет болған жағдайда хатшы, ҒК төрағасының келісімі бойынша әрбір мәселені даярлауға жауапты орындаушыларды тағайындайды. ҒК отырысының күн тәртібіне ҒК мүшелерінің ұсыныстары бойынша жоспардан тыс мәселелер енгізілуі мүмкін.

13. Отырыстың күн тәртібінде көрсетілген адамдар мен хатшы ҒК отырысына материалдарды даярлау сапасына жауаптылар болып табылады.

14. Ғылыми кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Шешім, егер отырысқа қатысушы ҒК мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Ғылыми кеңес мүшелері дауыстарының тең бөлінуі жағдайында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

15. ҒК-нің отырысында, шешім қабылдау үшін негіз болатын барлық материалдар қоса тіркелетін хаттама жүргізіледі. ҒК отырысының хаттамасына төраға немесе оның орынбасары және хатшысы қол қояды. Отырыс хаттамасының көшірмесі отырыс аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей ҒК шешімін орындауға жауаптыларға жіберіледі.

Ғылыми кеңес шешімдерін орындауды бақылау

16. ҒК шешімдерінің орындалуына бақылауды Орталық директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

17. ҒК шешімдері Орталықтың барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады және Орталықтың тиісті жұмыс жоспарларында іске асырылады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Сот сараптамалары орталығы»
РМҚК директорының м.у.а.



« 1 » 08 2019 жылғы
№ 187 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Сот сараптамалары орталығы
Ғылыми Кеңесінің құрамы

- | | | |
|----|--|---|
| 1 | Төраға | Гауриев Дулат Болатович
«ҚР ӘМ Сот сараптамалары орталығы»
директорының м. у.а. |
| 2 | Төрағаның орынбасары | Ертаева Гульнар Жолаушиновна
Сот сараптамалары орталығы директорының ғылыми
жұмыстар жөніндегі орынбасары |
| 3 | Ғылыми кеңестің
хатшысы
Ғылыми кеңестің
мүшелері: | Вакансия |
| 4 | Дәулеткелдіқызы
Динара | Алматы қ. бойынша Сот сараптамалары институты
директорының жалпы сұрақтар бойынша
орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты |
| 5 | Сейтенов Калиолла
Кабаевич | М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГУЮ Университеті
Сот сараптамалары институтының директоры, заң
ғылымының докторы, профессор (келісім бойынша) |
| 6 | Бекжанов Жамбул
Лесбекович | Алматы қ. бойынша Сот сараптамалары
институтының директоры, техника ғылымдарының
кандидаты |
| 7 | Бабыкпаева Алтынай
Толегеновна | Алматы қ. бойынша Сот сараптамалары институты
директорының сот-медициналық мәселелері бойынша
орынбасары |
| 8 | Галицкий Франц
Антонович | Сот сараптамалары ғылыми-зерттеу институтының
жетекші ғылыми қызметкері, медицина
ғылымдарының докторы, профессор |
| 9 | Жакупова Толкын
Зейнакабиденевна | Сот сараптамалары ғылыми-зерттеу институтының
жетекші ғылыми қызметкері, медицина
ғылымдарының кандидаты |
| 10 | Парамонова Лада
Федоровна | Павлодар облысы бойынша Сот сараптамалары
институтының бас сарапшысы, заң ғылымдарының
кандидаты |
| 11 | Сохарев Евгений
Юрьевич | Қостанай облысы бойынша Сот сараптамалары
институтының сот-гистологиялық бөлімінің сот-
медициналық сарапшысы, медицина ғылымдарының
кандидаты |